

№ 1 Майқайың жалпы орта білім беру мекемесінің жанынан құрылған
Қамқоршылық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ

07.09.2019ж

Қатысқандар: 8

Қатыспаған -1

1. Искакова Б.Д. - төрайымы
2. Жиренова А.О. - орынбасары
3. Тумайкенов Н. - мүшесі
4. Тиыштуғанова С. - мүшесі
5. Какимова А.С. - мүшесі
6. Кенжебекова Г.К. - мүшесі
7. Сағадаиев Р.Қ. - мүшесі
8. Абильдинова Д.М. - мүшесі
9. Алимова А.Қ. - мүшесі

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңес жоспарын талдау, бекіту
2. Мектеп пен ата-ана арасындағы келісімшарттың мазмұнын талдау
3. 2019 -2020 оқу жылына арналған факультатив жоспарларымен танысу, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жұмыстары туралы.
4. Оқушылардың ыстық тамағын ұйымдастыру туралы.

Бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы Б.Д.Искакова сөз алып, биылғы жаңа оқу жылына бекітілген жоспардың мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің лауазымдық міндеттері бойынша қосымша тапсырмалар беріліп, мектеп әкімшілік мүшелерімен тығыз байланыста болатындығы ескерілді. 2019-2020 оқу жылына арналған кеңестің жоспары ұсынылды. Жоспар 5 бөлімнен тұрады Жалпы жоспарда мектептің оқу-тәрбие жұмысына қатысты, мектепте өтетін барлық іс-әрекеттердің барысы туралы, қандай жұмыстар атқару керектігі туралы жазылған. Жоспармен танысып, алып-қосарларыңыз болса, ойларыңызды ортаға салуларын сұрады. Екінші мәселе бойынша биылғы жаңа оқу жылынан бастап ата-ана мен білім беру орталығының арасындағы келісімшарт туралы айтылды. Онда келісімшарттың әр пунктіне мән беріліп, ата-ана тарапынан және мектеп тарапынан негізге алынатын талаптары талқыланды.

Үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісінің орынбасары А.М. Молдатева оқушылардың қызығушылығына қарай, кейбір сыныптардың, әсіресе 8-11 сыныптардың ерте жастан кәсіптік бағдарға бейімдеуі ескеріліп үйірме мен факультатив сабақтары қосымша берілгенін айтты. Факультатив сабақта сабақтан тыс уақытта өткізілетінін ескертті. Барлық мұғалімдерде КТЖ жасалған, бекітілген, рецензиялары бар.

Төртінші мәселе бойынша мектеп директоры С.С.Мажитова сөйледі: 2019 - 2020 оқу жылына арналған оқушыларды тамақтандыру мәзірі аудандық білім бөлімі арқылы орталықтандырылып аудан бойынша жасалды. Бүгінгі күні күз-қыс мәзірі бойынша жұмыс жасап жатырмыз. Бүгінгі күні



бастауыш сыныптың 288 оқушысы тегін ыстық тамақ ішеді. Жалпы мектеп бойынша 362 бала тегін тамақтанады. Мәзір бойынша барлық нормалар сақталады. Ыстық тамақты ұйымдастырушы, жалға алушы ЖШС «Табыс» Тоқпаева Г.Ш.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің 2019-2020 жылдарға арналған жылдық жоспары бекітілсін
2. Мектеп пен атаана арасындағы келісімшарт нұсқасы қыбалдансын.
3. Уйірме мен факультативтер жоспарлы түрде қосымша кестеге сәйкес жүргізілсін.
4. Асханадағы тамақтың сапасын бақылау бойнша жеке график жасалып, айында екі рет бақылау күні жүгізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы

Хашы:

Искакова Б.Д.

Алимова А.К.